

ӘОЖ

С. Мұхамбетұлы, Ш. Әмірғалиқызы*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: shaigul69@mail.ru

Табиғат поэзиясы немесе поэзия табиғаты

Әрбір ұлттың өзіне тән табиғат поэзиясы бар, мәселен, неміс поэзиясында – орман образын сомдауға, француз поэзиясында – бұлақ сылдырын бейнелеуге арналған түбегейлі және зерделі зерттеулер жеткілікті. Сол сияқты қазақтың табиғат поэзиясы немесе поэзия табиғаты әлі де болса түрен түспеген тың тақырып болып саналады.

Табиғат туралы жазылған жырлардың жекелеген түрлерін топтастырып таразылаумен қатар, тұтас табиғат көріністеріне жекелей тоқталу да – зерттеу жұмысының жаңалығы болып табылады.

Сонымен мақалада қазақ поэзиясының жекелеген өкілінің табиғи танымы арқылы поэзия табиғатын тану көзделді.

Түйін сөздер: қазақ поэзиясы, даланың кеңдігі, махаббат мәңгілігі, адамгершілік, мейірім, дәстүр жалғастығы, арнау, ақиқат, мақтаныш сезімі, құрмет көрсету.

S. Muhambetulu, Zh. Amyrgalykyzy

Poetry of nature or nature of poetry

Every nation has its own poetry about the nature, for example, there is a set considerable and important researches devoted in the German poetry to the description of an image of the wood, in the French poetry to the image of murmur of spring. The Kazakh poetry about the nature or the poetry nature also is still a topical theme.

Classification and making an analysis on the separate types of the poems, written about the nature and individually to consider the natural phenomena are the novelty of the work.

In the article it was aimed to studying the poetry nature through the natural cognition of each representative of the Kazakh poetry.

Keywords: the Kazakh poetry, boundlessness of the steppe, eternity of love, humanity, kindness, tradition continuation, dedication, truth, feeling of pride, to respect

С. Мухамбетулы, Ш. Амиргалиқызы

Поэзия природы или Природа поэзии

Каждый народ имеет свою поэзию о природе: например, множество важных исследований посвящено описанию образа леса в немецкой поэзии, изображению журчания родника – во французской. Казахская поэзия о природе также является актуальной темой. Классификация и анализ отдельных видов поэм, написанных о природе и рассматривающих природные явления, являются новизной данной работы. В статье предстояло познать природу поэзии через природное познание каждого представителя казахской поэзии.

Ключевые слова: казахская поэзия, бескрайность степи, вечность любви, гуманность, продолжение традиции, посвящение, истина, чувство гордости, уважение.

Әлем әдебиетінде поэзия табиғатын танушылармен қатар табиғат поэзиясын жете жіктеушілер мен жіліктеушілер жетіп артылады. Жекелеген ағаш, гүл түрлерін былай қойғанда жан-жануарлар дүниесінің поэзиядағы

көрінісіне ден қойған зерттеушілер де жеткілікті, тіпті бүтін бір ұлттың басыбайлы меншігіне айналған ағаштар мен гүлдер де бар. Орыс поэзиясында ең көп жырланған ағаш – аққайың болып саналса, жапон поэзиясында – сакура

ағашына басымдық беріледі. Сол сияқты қазақ поэзиясында кең дала көрінісі кеңінен таралып, қыр суреттері жан-жақты жырланған.

Орыс ақындары Сергей Есенин – аққайыңды, Марина Цветаева – шетен ағашын, қазақ ақындары Абай – желсіз түнде жарық айды, Мұқағали – аршалар мен шыршаларды, Төлеген – ақбұлақтарды, Тұманбай – өрік ағашына оң бере білген, сол сияқты Ақұштап Бақтыгереваның түпкілікті тақырыбы да табиғат аясы, әсіресе ақ шағалалар. Ақ шағала – Аққұштап ақындығының синониміне айналғалы қашан, ақ айдын мен ақ шағала – ақынның ауық-ауық, әлсін-әлсін, қайта-қайта оралып отыратын өрісі. Ал өлеңге өріс керек, тың өріс, кең өріс, кемел өріс, кенен өріс; міне Ақұштап ақын да өрісін тапқан, өрісін тауып қана қоймай, өлеңге өріс ашқан да, өзі де сол өлеңнің өрісіне айнала алған.

Адамды адаммен алыстыратын да – ақиқат, адамды адаммен табыстыратын да – ақиқат. Ақиқат айдай анық жері ақырын алға асады. «Ақырын жүріп анық бас» дейді Абай. Ал «ақырын жүріп, анық басқан» ақындарымыздың бірі – Ақұштап ақын. Өмірдің өзіндей өзгеше, көңілдің күйіндей күрделі, ақиқаттың аяқ алысындай анық, табиғаттың тылмысындай тазалық – ақын жырларының ажарын ашып, тамырын тулатып тұр. Тамыр демекші, ақын тіршіліктің тамырын тап басып қана қоймайды, жүректің жүзімен аймалап, ақылдың айдынына алып шығады. Ақылдың айдыны – айбынды, ай жарықта ай қабақ танытып, күн жарықта ақ тымықтанып тұратын ақ көгісті, ақ қасқа. Ақынның кезекті кітабын «Ақ айдын» деп атауында да табиғи тамырластық қана емес, тамырлас табиғаты тұр.

Топталып ұшқан үйірінің
Достардай еді-ау жаны ізгі.
Адамнан кеткен мейірім
Сендерде қалған тәрізді.

Ахаңның әніндегі Ахмет Жұбановтың әніндегі «еті де, беті де аппақ» қарлығаштар «топтталып ұшып» келе жатыр, сізге қарап қанаттарын қайшылай ұшады, алды-артыңыздан жанай өтіп, жай-күйіңізді сұрасады, жатырқамайды, жатсынбайды, жасқанбайды, жалтармайды, жауықпайды, жамырай жақындап жел бесікше тербеледі, жаудырай жаутандап жауқазынша жарасады. Көркем десең көркем, көрікті десең көрікті, ал «көркем болып көріне алмаған

авторлық ниет ешуақытта да идеяға айнала алмайды» [1.470] тап осы өлеңде идея бар ма? Әрине, бар. «Адамнан кеткен мейірім, сендерде қалған тәрізді», «Адамнан таппаған мейірімді, ақ ниетті қарлығаштардан табу да көркемдік көкжиегінің керегесін кеңейтеді, ізгілікке із кестіреді, ар аралына апарып, бейдауа болған болмысыңмен беттестіреді; қасиетсіздіктен қашықтап, адамшылдыққа, аршылдыққа апаратын алуан арнаны нұсқап, түбін-тегін түгендеп жатпайды, себебі ол поэзияның міндетіне де жатпайды, тек «жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет» [2.210] дегенді меңзейді. Адамнан кеткен мейірім, ақ тамақ қарлығаштармен бірге алып-ұшып жүр, қонатын қоныс іздейді, қанатымен су себу – қарлығаштарға ғана тән қасиет емес, күллі адам баласына тән тағылым, тұғырынан тайса, кенеуі кетсе ақын айтпағанда кім айтады?! «Дүниеде мынау бәрі де, бәрі-бәріне кірісу керек, кірісу керек шын ақын» деп Жарасқан Әбдірашұлы жырлағандай, «Ақындық сезімді қозғар жердің «басы аяғы» жоқ деп білем» [2.210] солайы, солай, тіршіліктің астанкестенін шығаратын да, ақ моншақтай жіпке тізіп – «Үндестік ұлына» [3.529] айналдырушы да бір өзі, себебі «өнер сыры – өрнекте» [1.470]. Ақұштап ақын тіккен ақбоз үйдің алты қанаты түгелдей қызыл жасыл ою-өрнектермен безендіріліп көз жауын алып, көрінгеннен көз ақы сұрап, көз байлап тұрған жоқ, көз жетер жерге көзі қырын тастап, көз шалым жерге көз тігіп тұрғандай, ақын өз басынан өтпеген, өз көзімен көрмеген, өз жан дүниесіне алапат әсер етпеген құбылыстарға қалам тартпайды, ие алатын, илей алатын, иілдіре алатын тақырыптарды ғана төңіректеп, «икеміне қарай еңбек етеді» [4.545] иін тірескен, иінін келтіре алмайтынға ат арытпайды, ат майын да бермейді, көз кеудесіне ұялап, көз жүрегіне жылы ұшырағандардың ғана жырына арқау етеді.

Шындықпен жаны өштер де,
Алдаумен өмір кешкен де,
Жүреді сені мекендеп,
Өгейлік көрмей еш пенде.

Бұл дала, боз жусанды дала, бозаң қыр! Далаға ала да сияды, құла да сияды, өгейлік көрсетіп, өзегіне теппейді. Қазақтың атасы – сахара, анасы – дала. Даланың кеңдігі – махаббатының мәңгілігінде, жүрегінде махаббаты жоқ адам мүсәпір мүшкіл күй кешіп мүжіле

түседі, көкірегінде көзі бар махаббатты мансұк етпейді, таңсық етеді, сондықтан ақынның айтқанына алғаусыз сенесің.

Махаббат сен болмасаң жүрегімде
Мүмкін мен даламды да сүймес едім.

«Жаксы жазу үшін, жете білу керек» деп Стендаль айтқандай, ақынның жетік, жетесіне жеткізе білетіні де – махаббат, ең көп жырлағаны да махаббат болар, себебі жүректің жылымы да – махаббат, жүректің жұлыны да – махаббат, ал ақынның «жүрегінде болмаса» кімді сүйе ала алады, қалай сүйе алады, сондықтан болар, сол себепті де «мүмкін мен даламды да сүймес едім деген жолдарына риясыз сенесің, ал «жүрегінде махаббаты бар» ақынның жалған сөйлемейтіні сөзсіз.

Орынсыз қызғанғаның
Уақыттың өтері бар.
Ертерек қыз баланың
Есейіп кетері бар.

Бұл «ол рас таласым жоқ, өмірге ерте келдің, сен маған баласың деп, мен саған еркеледім» деп басталатын әйгілі әннің бір бұрылысы ғана, тіпті түйіні десе де болғандай, бірден әндете жөнелесің, «ол рас таласым жоқ» деп іштей ыңылдап, сырттай сүйсінесің, ән тыңдап отырғандай күй кешесің, себебі «музыканы түсіну үшін оны ең алдымен тыңдай білу керек» [5.144]. Әрине, адам баласы мәңгілік емес екені екінің біріне белгілі, балалық та, ағалық та ағып өтеді, ақын сол ағынды айтып отыр, махаббат адамды ерте есейтетін, ерте егде етпейтін екі емнің біреуі ғана, есейіп кеткен қыздың ағасы – албырт сезім, асау ағыс, арналы айдын; албырт сезім алып-ұшып, асау ағысқа айналады да, айдынды арнасын бұзып жарып, арты ақ жаңбырға айналуы да мүмкін, «ақ жаңбырлар тоздырған тау секілді» [6.156] «өз биігінде» өзі тұрақтап қалуы да бек мүмкін.

Ақ ұлпа жапқан бақ үстін
Ақ нұрға бояп шатқалды
Алғашқы жауған ақ ұшқын
Үлбіреп қана жатқанды.

Ақұштап ақынның бір өленің былай қойғанда, бір шумағының өзінен бірнеше ақ түсті қызықтаймыз. Ақ ұлпа, ақ нұр, ақ ұшқын – аппақ қардың, алғашқы қардың сырлы суреті;

ақ ұлпа жапқан бақ, ақ нұрға боялған шатқал, үлбіреп жатқан ақ ұшқын; көрдіңіз бе, әрине аралап көрдіңіз, ақ ұлпа жапқан бақта әлденеше рет қыдырыстап көрдіңіз, тіпті күнбе күн көруіңіз де мүмкін сенесіз бе, әрине сенесіз, себебі көзіңізбен көріп тұрсыз! Ал ақ нұрға боялған шатқалды ше, алғашқы жауған ақ ұшқынды да көрдіңіз, үлбіреп қана жатыр. Алғашқы ақ мамық қар – қыстың кезіндегі соны суреті ғой, ал ұшқын ұшқындап жауған қар, қазақ баласы қар ұшқындап тұр екен дейді, ақын баласы ақ ұшқын десе айыбы бар ма?! Сонымен ақ ұлпа бақ та, ақ нұрға боялған шатқал да, алғашқы жауған ақ ұшқын да, үлбіреген ақ мамық та кімге ұқсайды, неге ұқсайды. Әрине, алғашқы махаббаттың, уыз сезімнің суреті ғой бұл, түгеліп тұрып түскен суреті. Олай болмаса ақын «махаббат сен болмасаң жүрегімде» деп жар салмас еді ғой, ал ұлпаға да, ақ нұрға да, ақ ұшқынға да тамсанбас еді ғой, үлпілдеген, үлбіреген сиқыр сезімнің сәулесінен ақ ұшқын ғой бұл! Ақ ұшқынның ақ жалынға ұласпасына, айналасына ақ нұр болып сыр ашпасына кім кепіл? Ақынның ақ түсті айрықша аялап, ақ бояуымен сурет салуға құштарлығын да ақ көңілі, ақ ниеттің үндестігі деп ұғынғанымыз абзал.

Төгілтіп ақ көйлектің бүрмелерін
Ұғынар үнсіз тыңдап білмегенін
Ақ білек шай ұсынған батыл ғана
Ұялшақ дірілдейді гүлдей ерін.

Тағы да Сырбай Мәуленовтың «Ақ түнінде» түстеніп, Әбу ақынның «Ақ бұлттарына» аузыңызды ашып «Қайдан келіп қалған» деп таңырқап тұрғаныңызда қарсы алдыңыздан бүрмелі ақ көйлек көлбедеп, «Ақ білек» шай ұсынады, гүлдей еріннің дірілінен дір ете қалуыңызда ғажап емес; тек ақ көйлектің бүрмелері ғана төгіліп тұрған жоқ, шай ұсынған ақ білектен имандай нұр төгіліп тұр, гүлдей еріннен жұпар иіс аңқып тұр; ақ білекті, ақ көйлекті арудың айдай аппақ екенін айтпай-ақ түсінесіз, себебі ақ көйлегінің бүрмелерін көріп отырсыз, онымен қоймай ақ білегіне қызығып та, қызғанып та қарайсыз әрине «ақ білектен ұстай алатын» жерде емес, алыста отыр. Айнала аппақ, сізде сол аппақ әлемнен малтығып шыға алмай қайта-қайта қарайсыз; қызына қарайсыз, құныға қарайсыз, сырына қарайсыз, сынына қарайсыз, кенеттен көзіне көзіңіз түсіп кетеді, енді қыз ерні емес, тұтас тұла бойыңыз дірілдеп,

буыныңыз босайды, өзіңізді қоярға жер таппайсыз, я тегіннен тегін емес екен, алдыңызда отырған Айнамкөз ғой, Айнамкөз, Айнамкөздің айнадай көзіне көзіңіз шағылысып қалған өз көзіңізге өзіңіз сенбейсіз?! Атақты Айнамкөз ғой мынау, мұң мұхиттың Айнамкөзі, Мералының Мұхитының Айнамкөзі жо-жоқ, Алты Алаштың Айнамкөзі ғой бұл!

Мұхиттың Мұхитында жүзіп жүре бересіз; алдыңыздан «ақ айдай» арындап, «ақ иіс» сезіледі, Ақбақай көлдің жағасын бойлай келе жатсаңыз, алдыңыздан ақ сұлулар Ақбақайдан су алып бара жатады, отыз ұлынан, ең ақыры жалғыз қызы Зәурештен айырылған Медет байдың зарлы үніне еріксіз құлақ қоясыз: сен қалған отыз ұлдан едің, Зәуреш, бір уыс бұйырмады топырағың «иә, отыз ұлы өліп, жалғыз қызға күні қарап қалған Медет байдың күнін адам басына бермесін?! Медет бай емес, Мұхит қой мынау, Мұхиттың зары, Мұхит емес-ау, Зәурештің зары, Зәуреш емес-ау, Мұхиттың мұңы! «Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр, болады баспағымен екеу биыл» деп зарлаған Мұхитқа медеу болғанда бәлкім Зәуреш шығар, әлде Ақиіс пе екен, Зәурешті айтып зарығып жүргенде, ақ иіс алдынан шығып аз да болса алданыш тұтқан маңғаз Мұхит қой мынау!

Қазақтың қонақ сыйлау салын көрген
Қос бұрым қалпында өрген
Қырмызы кеудешесі қынама бер
Көмкерген омырауын алтын зермен.

Абай айтатын «Білектей арқасында өрген бұрымыңыз» бұрымыңыз да осы шығар, себебі сол өрілген қалпында, өрімталдай өң беріп тұр, омырауын алтын зермен өрнектепті, қынама беліне қырмызы кеудешесі де құйып қойғандай үйлесіп тұр, үндесіп тұр, «бұл кім дейсіз ғой, әрине – Айнамкөз. Қазақ қызының бағасын алтыннан да қымбат санаған Қыз Жібектің әні де айтылатын орамалы «ормалы тұрады бес жүз жорға» деген жолдар естеріңізде болар?! Ақұштап ақынға еріп, Мұхиттың маңайында жүргендей күй кешесіз: Ақбақай көлдің жағалауын жағалап, Айнамкөздің айнадай көзін көріп, есіл-дертіңіз ауады, «үлкен айдайға» үздігір, «кіші айдайға» көңіліңіз ауады, «паң көйлектің» парқына жетіп, ақ иістен «басымыз айналып, көзіңіз бұлдырап тұрғанда, ақ Зәурештің зарлы үні құлағыңызға жетіп, «дүниенің қызыл түлкі» екені енді ғана есіңізге түседі. Ақынның ең көп талдаған

тақырыптары да – ақ Жайық, Ақ шағала, Ақ қанат, Ақ нұр; тұтас, түгел ақ; таңы да ақ, күні де ақ, айы да – ақ.

Ай, күні бар Жайықтың
Ақ таңы бар арайлы,
Айдыны бар Жайықтың
Әлдилеген талайды.

Кітаптың аты да бекерден бекер «Ақ айдын» аталмапты, Ақ Жайықтың айдыны екен-ау! Тағы да сол тұтасып жатқан, тұтасып тұрған – ақ түстер. Айдынның ақ болуында да сыры бар, қазақ ақ түсті ұнатып «аққа құдай жақ» деп жатады, ағарған ішіп, ақ жаулықты, ананы, ақ сақалды атаны ізет тұтады, ақ бесікте бөбегін тербетеді, ақ шымылдыққа келін түсіреді, түсірген келініне де ақ келін деп ат қояды, ақ шуаққа шомылғанды, ақ сағымға оранғанды, ақсуаттан атын суарғанды, ақбұлақтан су алғанды, ақ тілек айтып, ақ бата бергенді, ең ақыры ақ төсекте жатқанды, ақ киізге отырғанды суқаны сүйеді, ең ақыры ақ маматан ақ кебін тігіп ана дүниеге аттандырады. Ақұштап ақ түстерге құмар болуы да бекер емес. «Ақ желең», «Аққанат», «Ақ шағала» деп тұтас жыр жинақтарының атын атауында да үндестік, үйлесім ғана емес үйірім бар, ақ желең де, ақ қанат та, ақ шағала да – ақ айдынсыз күн көре ала ма?! Әрине, жоқ, олай болса, ақынның ақ түстерге ауық-ауық оралып, әлсін-әлсін қайта соғып отыруының өзі де – кеңістікті көксеу ғой. Ал поэзия дегеніміз шексіз, шетсіз кеңістік, түпсіз тереңдік, жағалауға жарыса соғып жататын ақ бура толқындар емес пе?!

Мұнайдың неге қайғырдың
Кеңістік бар ғой көңілде
Ақ көбік шашқан айдынның
Ашуын басам дедің бе?

Ақ шағалаға арналған кеңістік көкте де бар, айдында да бар. Әлбетте ашуын ақ шағала ғана түсінуі, ақ шағала ғана көтеруі мүмкін?! Бірақ айдынның өз заңы бар; ақ көбігін аспанға атып, ашу шақыра ма, ақ тымаққа айналып досын шақыра ма өзі ғана біледі. Ал ақынның міндеті – жақсылық жайрап қалмай тұрғанда, жедел жәрдем қызметін атқарсу.

Үш аққу қыстап шықты Бағырлайға
Қыс келіп айдын мұзды жамылмай ма?

Немесе:

Қосылып жылайын ба ақ жауынға
Жоқ әлде баққа барып жаурайын ба?..

Болмаса:

Бақыт өзі немене? Атап қара
Тіршілігі жай жүрген атақ қана.
Көз ашқалы көргені тесік қалта,
Өмір сүрген мекені – жатақхана.

Алғашқысында аққуларды аяп, апырмай айдын ақ қар, көк мұз жамылғанда күндері не болар екен деп қапаланады, кейінгі шумақта ішкіш әйелдің «тесік қалтасына» телміреді, тиын тебен іздеп емес әрине, ізгілікті індетіп, ізгілікке із кесіп телміреді. Үсіп қала ма деп үш аққуға жаны ашиды, жабығады, оны былай қоя тұрып «ақ жауынға» қосылып жылағысы келеді, тіпті ақ жауынның астында қалып жаурағысы да келіп тұр, кім үшін, не үшін, екі туып бір қалғаным ба деп ойлауыңыз мүмкін, жоқ, олай емес қой, ақынның өмірі арпалыс, аласапыранға толы «сыздаған барлық жараның аузында болу» [6.156]. Бұл ішкіш әйелдің әлемі ғана емес, бірсыпыра қазақтың басындағы күй. Ал ақын атаулы айналасындағы арпалыстан, аласапыраннан тыс өмір сүре алмайды. Себебі:

Анамын бөбігім сағынған
Ақынмын жыр болып ағылған.
Көңілмін екіге бөлінген,
Жүрекім екіге жарылған.

Қазақша айтсақ «Қақ жарылған көңіл, қақ жарылған жүрек». Бір жағында ел тұр, бір жағында өзі тұр; елін ойлап еміренді, жұртын ойлап жүдеу тартады. Ақынның – азап, сәбилік – ғажап, азап пен ғажаптың ортасындағы ақынның көңілі алақұйын ала дауыл. Көңілінің көзі бар адам көлеңкені де, күнгейді де көреді; көріп қана қоймай, көлеңкені саялайды, күнгейді аралайды. Ал тумысынан ақын адам көлеңкені де, күнгейді де бағалайды, жұмыр жердің үстіндегі тіршіліктің тынысымен тыныстап, дауасымен демалады. Екіге бөлінген көңіл, екіге жарылған жүрек, тебіренбей, толқымай, толықсымай, тапжылмай тұра алмайды ғой?! «Арақ ішкен жігіт көрдім, алған жарын сабаған», «Сатып алған даңқ көрдім, қуыс кеуде пақырдан», «сезім жоқ ару көрдім, абыройы ашылған», «әкім көрдім шала сауат, мен білем деп шалқайған» осылай көш қаздай түзіліп, шаңдай шұбатылып кете береді, қаралы көш, оқыс көш, қоқыс көші.

Маскүнем нансап, жарын сабап көкала қойдай қылған, қызметті яғни мансапты малға сатып алған алаяқ аспанға таяқ лақтырып әуреге түсіп тұр; абыройы ару тәнін сатуға саудаласады, әкімнің әрекеті анау «өзім білемнен аспайды, жігіті – жүн, аруы – күң, әкімі – жын болып кеткен жұртына қарап, көкке қарап ұлыған көк бөрінің күнін кешеді, қолынан келер қайран жоқ? «Бақытсызды көріп тұрып, бақытты болуға болмайды» депті Мольер. Әлбетте осының бәрі ақынның жүрегінің үстімен өтетін қасіреттің қасқа жолы дейсіз бе, күйініштің күре жолы дейсіз бе, астамшылықтың айдау жолы дейсіз бе, қалай десеңіз де жарасады. Ұққан адамға – ұяттан биік бір шың жоқ, әлемдегі ең биік шың – Шындық шыңы, Ұқпаған адамға аласа көрінуі мүмкін, шықпаған адамдар арықтан аттағандай аттай беруі де бек мүмкін. Себебі «адамның ұқпағаны – бойына жұқпағаны» [7.556]. Ал ақын адамды азаптайтын да айналасының ауасы, ортаның оты. Бала сатылатын, ана сатылатын, сана сатылатын қоғамда өмір сүріп отырған ақынға айналасына қарау – азаптың азабы, елдің жанында жүріп жатқан тербелістер мен толқыныстарға ақындар бейжай қарай алмайды. Себебі Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Әдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Әдебиет елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы» [8.215]. Ал Абай «жартастан шыққан жаңғырыққа» да құлақ салады. Ақұштап ақынның жұрттың жадында жаңғырып жатқан жайларға оралып отыруы да шын ақынның шырайын шығарады. Бір кездері Пушкинге Гоголь «Өлі жандарын бастанаяқ оқығаны белгілі». Тіпті сол шығарманың оқиға желісін өзі бергенге де ұқсайды. Соған қарамастан: «Құдайым-ай, біздің Ресей соншалықты сұмпайы екен-ау» деген екен. Пушкин «Өлі жандарды оқып бітірген Гогольге қарап, әрине ондай «өлі жандардың» біздің айналамызда қаптап жүргені Ақұштапты да алаңдатады.

Қайда әлгі шағы даланың
Қайда енді әлгі пәк күні?
Талдырып көздің жанарын;
Күрмейтін тілді ақтығы?

Әйтпесе, сар даланың сағымға боялған пән күнін, қыз күнін аңсар ма еді, аңсар ма еді, адамның тілін күрмейтін – ақиқат қана, ақиқаттың алдында талайдың тілі күрмелген, әрине ақындардың жөні бір бөлек, себебі кім көрінген емес қой? Егер кім көрінгеннің

қосағында кетсе, ақын ақын емес, айналшық қой... Бірақ та білесің бе, кім көрінген, айтсын деп «ақиқатты тіл берілген» дейді М.Мақатаев [10.210].

Тарихы бар, тегі бар өзеннің де
Көрсеткені бір мінез дұрыс шығар,

депті ақын, Ақжайыққа арналған жырында, ал біз болсақ Ақұштап ақынның жырларында Ақжайықтың мәрт мінезі бар деген болар едік, «атақ-даңқ аламын деп жүгіру – маған алақан жайған сұраушыны елестетеді» депті ақын.

Өлбетте ақын алақанын жаятын қайыршы емес дегенмен әріге бармай-ақ Абайда атақ, Махаббетте мансап болмағанын екіншісі біледі емес пе, ол заманда да атақ-шені жер жаратын адамдар аз болмағанға ұқсайды. Ақынды толқытатын толғақты мәселелер мүлде мол: Құрманғазының ұлы ұстазы – Ұзақ күйшінің моласының табылмағына толқиды, қазына кемпірдің тұяқсыз өткеніне өкінеді, Мұқағали Мақатаевқа өлең оқытпаған өрескелдерге өңін суытып сырт айналады, Сәкен Сейфуллинге қол көтерген сотқардың сал болып қалғанына риза болады, пұл базары, құл базары деген сөздерді естіп жағасын ұстайды, ана сүтін емгендерге еміреніп, сиыр сүтін емгендерге егіледі, порошок сүтін емгендерден есі шығады, Жұбан Молдағалиевтың желтоқсандағы жоқтауына жабырқайды, Ақын әлемі – астан-кестен, бәрі бар адамдар, болған адамдар өмірден озған адамдар, «Мінезі бар ақынға ғана» мүлтіксіз сөйлейді «себебі сөз – істің көлеңкесі» [10.136].

Ақынның балладаларындағы оқиғалардың дені ойдан шығарылған қияли кейіпкерлер емес, өмірде бар немесе болған шынайы кейіпкерлер, кейіпкерлердің жүзін көріп қана қоймай, сөзін естисіз, тіпті қай уақытта, қай жерде болғанына да көз жеткізуіңізге болады. Мәселен, «Көк дөненнің кісінеуі» күні кеше ғана болған оқиға, Қадыр ақынның 75-ке толғанына байланысты Ақжайықта өткен тойдан тарту іспеттес.

Бір нәрсе мынау жылқы түсінеді
Сезім бар онда жоқ кей кісідегі.
Тізгінді Қадыр ақын ұстағанда
Көк дөнен ышқынып кеп кісінеді.
Көк дөненнің кісінеуіне не себеп дейсіз ғой?!

Бұйыру бақытым ғой ақын ұлға,
Болар ең өзін ием, жақыным да
Ал сізде төрт ай ғана құмыр қалған
Мен сорлы кетем кімнің тақымында?

Қасірет пе, әрине қасіреттің көкесін көзімен көріп тұрып көк дөнен кісінемегенде қайтсін? Көк дөненнің етегі жасқа толып, ағыл-тегіл жылап тұр; жоқ көк дөненнің кісінеуі арқылы Ақұштап ақын Қадыр Мырза әлінің көңіл-күйін бергісі келген болар «заманда адамды адам түсінбеген, тәйір-ай жылқыны кім түсінеді». Ия, адамды адам түсініп болмайтын алмағайып заманның кескін-келбетін айшықтай біліпті.

Ақында аз болады сайрандар күн,
Шын бақыт табады ақын ойдан бәлкім.
Асылды жоғалтқан соң, жоқтау айтып,
Кешігіп жүресің-ау қайран халқым!

Өлеңнің аты «Көк дөненнің кісінеуі» деп аталады, осы өлеңді оқи отырып Сырбай Мәуленовтің «Құлыны» есіңе еріксіз оралады. «Шаршаған жол батып Волховтың батпағындағы, жатыр бие толғатып, зеңбіректің арт жағында» деп басталатын әйгілі өлеңі бар ғой, бие тіршілікпен қоштасып, артында кісінеген құлыны қалады, былай айтқанда құлында, көк дөнен де – тағдырлас, құлынның кісінеуінде де, көк дөненнің кісінеуінде де бір гәп бар. Ол гәптің аты – өмір, өңін айналдырған өмір емес, қаз қалпындағы, өзгеріссіз өмір.

Ақын жырларында өңін айналдырған өңсіз-түссіз өмір емес «көк дөнен сықылды кісінеп тұрған, қайнап жатқан қарқынды өмірдің сом суреттері баршылық, тақырып таңдап жатпайды, ақынды тақырыптың өзі таңдайды.

Ақұштап ақынның ағынан жарылып, қауызынан арылып шыққан өлеңдерін баданадай ақ тарыға теңеуге, самаладай ақ моншаққа балауға да болар еді, бірақ ақын атаулығы балама жоқ, бір-біріне ұқсамайды.

Ақұштаптың айдыны – ақ айдын, ал ақ айдында құстың төресі аққулар ғана жүзе алады. Ақын атаулыны адамзаттың аққуына теңеушілер де табылады. Қалай десек те, ақынның өз айдыны бар, айдыны бардың, айбыны бар! Айдынды ақынның айбынды жырлары – ұлт ұйытқысы ғана емес, ақиқаттың ақ желкені. Ал ақиқат әрдайым алға асады.

Әдебиеттер

- 1 Мүсірепов Ғ. 5-томдық шығармалар жинағы – 5 т. – Алматы, 1975. – 625 б.
- 2 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 240 б.
- 3 Блок А. и Андрей Белый. Диалог поэтов. – М.: Высшая школа, 1990. – 687 с.
- 4 Шекспир А. Трагедия. – М.: Писатель, 1982. – 850 с.
- 5 Шостакович Д. Воспоминания. – М.: Советский писатель, 1982. – 158 с.
- 6 Айбергенов Т. Аманат. – Алматы: Жазушы, 1975. – 210 б.
- 7 Гете И. Собрание сочинений 2 томах. – М.: Госиздат, 1959. – 670 с.
- 8 Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 356 б.
- 9 Мақатаев М. Қош, махаббат. – Алматы: Жазушы, 1976. – 320 б.
- 10 Демокрит. Собрание сочинений. – М.: Госиздат, 1952. – 172 с.

References

- 1 Musrepov G. 5-tomdyk shygarmalar zhinagy, – 5 t. Almaty: 1975. -625 b.
- 2 Auezov M. Ar zhyldar oilary. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 240 b.
- 3 Blok A. I Andrei Belyi. Dialog poetov. – M.: Vyshaia shkola, 1990. – 687 s.
- 4 Shekspir A. Tragedia. – Moskva: Pisatel, 1982. – 850 s.
- 5 Shostakobish D. Bospominania. – Moskva: Sobetski pisatel, 1982. – 158 s.
- 6 Aibergenov T. Amanat. – Almaty: Zhazushy, 1975. – 210 b.
- 7 Gete I. Sobranie sozhineni 2 tomah. – Moskva: Gosizdat, 1959. – 670 s.
- 8 Zhumabaev M. Tandamaly shygarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 356 b.
- 9 Makataev M. Gosh, mahabbat. – Almaty: Zhazushy, 1976. – 320 b.
- 10 Demokrit. Sobranie sozhineni. – Moskva: Gosizdat, 1952. – 172 s.